


ӘЛЕМ ТАНЫҒАН ӘЛАҒАҢ



(Жалғасы Басы 1-бетте).
бас болып, ат шаптырып, балуан беддестіріп, ұлан-асыр тойламақшы да болған. Өкінішке орай Үшарал елді мекенінен шыққан күйдіргі

әрі меймандар қорымды аралап, Әлағанның бауыры Смахан төренің өз қолымен орнатқан көк тастарындағы дерек-жазбаларды оқып, Әлиханның өзі мұхиттың ар жағындағы Бразилия елінен арнайы алдырып, ата-баба қорымына отырғызған сәмбі талына тәу етті. Бөкейхан ұрпақтары Әйіш апа мен Балабаршын аға жас әдебиеттанушы ғалым Елдос Тоқтарбайдың Мәскеу жеріндегі Әлихан жерленген Дон зиратынан әкелген топырақты өз қолдарымен

болатын. Қазіргі таңда Мұқан төре жұрты тарихи орын ретінде аудандық өлкетану мұражайының қамқорлығында.

Жекежалда мерейтойға жиылған қауым сол күні ескерткіш тақтаның ресми ашылу салтанатының куәсі болды. Ескерткіш тақта тасқа: «Семей облысы, (дұрысы Семей губерниясы болуы керек. автор) Қарқаралы уезі, Тоқырауын болысының 7-ші ауылы, қазіргі Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданына қарасты

дуақасовтар сөз алып, Әлағанға қатысты өз ой-пікірлерін білдірді. «Жақсыны көрмек үшін»,

жұртшылық Ұлттық банк шығарған Әлихан Бөкейхан бейнесі бедерленген 100 теңгелік мерейтолық монетасын тамашалап, таңдай қағысып, тамсанысып қалды. Жекежалдағы жиыннан соң барша әлеуметтік бөктеріндегі «Қара тасына» шартарапқа көз суретке түсті.

Түс әлетінде Ақтоғай ауылының орталығындағы Әлихан Бөкейхан атындағы білім ордасының алдына жиылды. Мектеп алдында меймандары мен ауыл тұрғындары Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан ескерткіш бюстінің ашылу сәтін тамашалады. (Орайы келіп тұрғанда Әлағанның мүсін тасын өте сәтті шығарған шеберге алғыс-ризашылығымызды білдіре кетуміз керек).

Ұлы тұлғаның мүсін тасын облыс әкімі Н.Әбдібеков құттықтау сөзімен ашып, ескерткіш бюстің жамылғысын Бөкейхан әулетінің өкілі, Смахан төренің баласы Балабаршын ақсақалмен бірлесіп түсірді. Келесі кезекте теңіздей толқып, сендей сапырылған әлеумет аудан орталығындағы Алаш алаңына ағылып, «Үш арыс» ескерткішіне гүл шоқтарын қойды.

Күн тас төбеге көтеріле «Ай-фар» тойханасында үлкен ас дастарханы жайылып, ауыл имамы Ардақ Түкетаев аруақтарға бағыштап дұға оқыды.

Түс ауа аудандық мәдениет үйінде мерейтойдың ең маңызды бөлігі ғылыми конференцияның да кезегі келіп жетті (Конференцияның ұйымдастырушылары



Желтаудың Әлағанның «Қара тасына» шартарапқа көз суретке түсті.

қонақтар

«Болашақ» университетінің доценттері Азат Бабашев пен Жандос Шекен).

«Әлем таныған Әлихан

Бөкейхан және Тәуелсіздік тағылымы» атты тақырыпта ұйымдастырылған ғылыми конференцияның модераторы аудан әкімі С.Әбеуова тізгінді өз қолына



алып, шараны жүргізіп отырды. Конференцияның ресми тұсауын облыс әкімі Н.Әбдібеков кесіп беріп, мінберге баяндама жасау үшін кезек-кезегімен ғалымдар көтерілді.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Алаш» ғылыми-зерттеу институтының директоры, әлихантанушы Сұлтан-Хан Аққұлы «Әлихан соңғы демі біткенше ұлттық мүдде үшін күреске жетекшілік етті. Немесе ФСБ мұрағатының құжаттары не дейді», Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, Еуразия ұлттық университетінің проректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор, алаштанушы Дихан Қамзабекұлы «Адамзаттық құндылықтар аясында Алаш ұғымы мен түсінігі», Ш.Шахметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық координациялық-әдістемелік орталығының директоры, филология ғылымдарының кандидаты, доцент,

(Жалғасы 4-бетте).

Мерейтойға ақ тілек

Құрметті конференцияға қатысушылар!

Бүгінгі Ақтоғай ауданында өтіп жатқан республикалық конференция – ұлы Абайдан кейінгі қазақтың ары мен ұяты, бағыт-бағдары болған Әлихан Бөкейханның құрметіне арналып отыр. Ақтоғай – алаштың алтын бесігі болған аяулы өлке – Әлихан, Әлімхан, Жақып сынды қазақтың үш бірдей оғланының кіндік қаны тамған қасиетті өңір. Ал, Әлихан Нұрмұхамедұлы – қазақтың алыс-жақын шет ел азаматтарына «мынау менің атам, менің бабам» деп мақтануға тұрарлық тау тұлғасы. Оны халықаралық беделді ұйым – ЮНЕСКО-ның өзі «бүкіләлемдік шынайы тұлға» деп танып отыр. Енді Әлихан Бөкейханның тойы – тек қазақтың тойы емес, бүкіл әлемнің тойы болып тұр! Тойларыңыз құтты болсын, ардақты ағайын!

Біз Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш қайраткерлері армандаған тәуелсіздік мұратына жеттік. Әрине, қазақ халқы бұл жолда басынан түрлі тар жол, тайғақ кешуді өткерді. Бірақ, уақыт өткен сайын олардың есімдері халық жадында сақталып, артында қалған мұралары туган халқының жүрегіне жете беретін болады. Ұлтының мәңгілігін ойлаған Алаш арыстарының жүріп өткен жолын, ерлікке баларлық еңбектерін бағалау – бүгінгі ұрпақ үшін, ұлтымыз үшін қымбатты құндылық. Ал, Әлихан Бөкейхан болса, көзінің тірісінде-ақ қазақ әлеміне шоқ жұлдыздай жарқырай шыққан, өзінің соңына ерген үркердей талантты топтың идеалы, кумирі болған. Тегінде бар тектілік пен бекзаттық оны кешегі заманда үлкен махаббат пен сүйіспеншілік құрметіне бөлеген, ол құрмет-ықылас бүгінгі сәтте де, келешекте де кемімейді.

Алаштың тойы тойға ұласып, қазақтың бағы жана берсін!

Ізгі ниетпен, Мәжіліс депутаты, «Ақжол» ҚДП төрағасы Азат Перуашев



ата-бабалары жатқан қорымға салды. Қоңыр күздің салқын райы мерейтой қонақтарының көңіл күйіне еш әсерін тигізген жоқ. Арқажарқа ел Әлихан кіндік қаны тамған «Жекежал» қыстағын бетке алды.

Осыдан сәлілгерірек Қарағанды облысы

«Жекежал» қыстағында Мырзаханұлы Нұрмұхамед (Мұқан төре) пен Мамайқызы Бегежанның (Бегім ханым) отбасында 1866 жылғы 5 наурызда қазақ халқының аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, «Алаш» партиясының басшысы, «Алаш Орда» үкіметінің алғашқы төрағасы Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан

бұл ойымызды іске асыруға бөгет болды..

Хош, сонымен Ақтоғай жерінде, Тоқырауын елінде өткен Алаш көсемінің мерейтойына Қарағанды облысының әкімі Н.Әбдібеков, Астана қаласындағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің проректоры, алаштанушы Дихан Қамзабекұлы бастаған бір топ ғалымдар мен Бөкейхан әулетінің ұрпақтары, «Қыр баласы жүрген іздермен» атты Ұлытау-Торғай-Тоқырауын экспедициясының мүшелері және өзге де көптеген мәртебелі меймандар арнайы шақырылды.

Той беташарын қонақтар Бөкейхановтар әулеті жатқан «Талдыбейт» қорымына тағзым етіп, құран бағыштаудан бастады. Одан



мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының «Тарихи мәдени мұраны сақтау орталығының» қолға алуымен «Жекежалдағы» Нұрмұхамед төренің ескі жұртына реставрация жасап, іргетасын қалпына келтіріп, темір шарбақпен қоршап, ескерткіш тақта орнатылған

дүниеге келді» деген мәтінде дерек жазылған. Тақта тас Әлихан Бөкейхан 150 жылдығы аясында қойылған. Ескерткіш тақта тастың ашылу салтанатында Дихан Қамзабекұлы, Астана қаласында тұратын ауылымыздың құрметті азаматы Қайырбек Са-

ас дастарханы жайылып, ауыл имамы Ардақ Түкетаев аруақтарға бағыштап дұға оқыды.

Түс ауа аудандық мәдениет үйінде мерейтойдың ең маңызды бөлігі ғылыми конференцияның да кезегі келіп жетті (Конференцияның ұйымдастырушылары



ӘЛЕМ ТАНЫҒАН ӘЛАҒАН



(Жалғасы. Басы
1-2-беттерде)

алаштанушы Ербол Тілеш «Әлихан Бөкейхан: дәуір және тұлға», С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің доценті, ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты Өмірзақ Сұлтанов «Ә.Н.Бөкейхан – дәстүрлі қазақ шаруашылығы ғылымының негізін қалаушы ғалым», алаштанушы, ақын, прозаик, публицист, аудармашы Қайырбек Садуақасов «Әлихан Бөкейхан әлемі және ұлттық намыс пен рух қалыптастырудың өзекті мәселелері», өлкетанушы-зейнеткер Тұңғышбай Мұқан «Ақтоғай – Алаш

Мерейтойға ақ тілек

Қымбатты ақтоғайлықтар!

Қазақтың елдігін, ұлттық болмысын жоғалтпау үшін өмірінің соңына дейін аянбай еңбек ету жолында құрбан болған көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық және «Алаш» қозғалысының жетекшісі, аяулы жерлесіміз Әлихан Бөкейханов атамыздың 150 жылдық мерейтойы құтты болсын! Атамыздың аруағы әрдайым бүкіл қазақ жұртын желеп-жебеп жатсын.

Ізгі ниетпен,

А.Нұрбеков, Қарағанды медицина колледжінің директоры, республикалық «Мейірбике ісі» журналының бас редакторы, медицина ғылымының кандидаты.

барысында төмендегі мәтіндегі

1. Жыл сайын 5 наурыз бен 5 сәуір аралығында «Әлихан оқуларын», 5 желтоқсан мен 10 желтоқсан аралығында «Алаштану» апталығын өткізу;

2. Республикалық ономастикалық комиссиясынан облыс орталықтарында Ә.Бөкейхан атын беруді жүйелеуді, нақтылауды сұрау;

3. Республикалық Ы.Алтынсарин атындағы білім академиясынан, гуманитарлық пәндер оқулықтарының авторларынан мемлекеттік стандартқа сай орта мектептерге арналған Ә. Бөкейханның есімі, еңбегі және тарихи орны туралы сұрау;

4. Ә.Бөкейханның көптомдығы, энциклопедиясы, монографиясы, көркем, деректі фильм түсіруге, шығаруға қаржы сұралсын;

5. Алматы қаласындағы Қазақ ұлттық аграрлық университетіне және тұңғыш метрополитенге Алаш арысының есімін беруді сұрау;

6. Қарағанды қаласындағы Октябрь ауданына және Ленин көшесіне Ә.Бөкейханның есімін беруді сұрау туралы қарар қабылданды.

Әлихан Бөкейхан қазақтан шыққан тұңғыш саяси күрескер, тұңғыш орманшы, тұңғыш публицист, тұңғыш ауылшаруашылығы тақырыбында монография жазған ғалым, «Алашорда» үкіметін басқарған тұңғыш төраға, мемлекет және қоғам қайраткері. Бұл Алаш көсемінің осы уақытқа дейінгі біз ашқан қыры. Әлиханның әлі ашылмаған, зерттелмеген, түрен түспеген дерегі қаншама? Өлбетте, ол алдағы уақыт пен болашақ ұрпақтың еншісінде.

Алты Алашқа сауын айтып, ұлан-асыр той өткізбесе де, Ақтоғай жолынан жығылған жоқ. Ұлы тұлғасын ұлықтап, мерейтойын абыроймен атқарды. Алыс-жақыннан келген мәртебелі меймандар мен құрметті қонақтарға аудан әкімі

С.Әбеуова, Ақтоғай жануарлар әлемі және орман шаруашылығы мекемесінің басшысы, төре әулетінің өкілі Қ.Ғалиханов жол-жоралғыларын жасап, шапан жауып, әлихантануға арналған кітаптар мен өзге де кәдесыйлары салынған қоржын-қалтаны қолдарына ұстатып, қолтықтарынан демеп, ақ жол тілеп, аттандырып салды.

Олардың қатарында жазушы, алаштанушы-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Жұртбай, академик Бүркіт Аяған, халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері, Ақтоғайдың гимнінің авторы, жерлесіміз, ақберен ақын Абзал Бөкен, Қарағанды Мемлекеттік Университетінің кафедра меңгерушісі, ғылым докторы, профессор Жандос Смағұлов, филология ғылымдарының докторы, профессор Жансая

Мерейтойға ақ тілек

Құрметті Салтанат Мірәсілқызы!

Көрнекті мемлекет қайраткері, Алашорда үкіметінің алғашқы төрағасы Әлихан Бөкейханның 150 жылдық мерейтойының құрметті қонағы ретінде Ақтоғай ауылының төріне шақырғаныңызға дән ризашылығымды білдіремін. Осыған орай биылғы 25 сәуірде ҚарMTY-да «ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН-азаттыққа дейінгі ұзақ жол» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы болып өткенін аудан жұртшылығына хабардар етемін. Іс-шара барысында PhD докторы, Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің «Алаш» ҒЗИ директоры Аққұлұлының ұлт ардақтысы Әлихан Бөкейхан туралы кітабының тұсаукесері өтті. Оқу жылының басындағы тығыз да қауырт жұмыстарға байланысты той рәсіміне бара алмайтынымды қынжыла айта отырып, мәртебелі мерейтойдың мазмұнды да тартымды өтуіне ізгі тілектестігімді жеткіземін.

Арыстан Ғазалиев,
ҚарMTY ректоры, ҚР ҰҒА академигі.

Жарылғап, «Ұлытау-Торғай-Тоқырауын» экспедициясының белді мүшесі, есімі Қазақстанға танымал, қазақтың ою өнерін дамытып жүрген Шөптібай Байдилин, талантты ақын жерлесіміз Бағдат Мұбарак, жас ақындар Мирас Асан, Жәнібек Әлиман, Ақтоғайдың атымтай жомарт азаматтары Серік Қасымбеков, Азамат Төребеков, Мейрамгүл



арысының атамекені» тақырыбында баяндама жасап, Әлихан Бөкейханның сан салалы тұлғалық қырын ашып, ғылыми конференцияның мазмұнын ашты.

Ғылыми конференцияны қорытындылау



Жұмабаева, Нұртай Метәев және өзге де шараның шалғайын көтерісіп, ат салысқан ақтоғайлықтар бар.

Иә, сөйтіп ауыз жиып үлгергенше, қас пен көздің арасында ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның 150 жылдық мерейтойы шырқау шегіне жетті. Бұл жолы тойдың боладысынан болғанының қызық болғанын мұқым ел көрді.

Мүсіркеп СЕЙДАХМЕТ.